



**ӘЛЕМДІК ФИЛОСОФИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ,
АДАМ, ОНЫҢ САНАСЫ МЕН АДАМГЕРШІЛІГІНІҢ ДАМУЫ**

III Халықаралық ғылыми-теориялық конференция
Материалдары

2018 жылдың 16-17 ақпаны

II том

**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ МИРОВОЙ ФИЛОСОФИИ,
РАЗВИТИЕ ЧЕЛОВЕКА, ЕГО СОЗНАНИЯ, НРАВСТВЕННОСТИ**

Материалы
III Международной научно-теоретической конференции

16-17 февраля 2018 года

Том II

**ACTUAL PROBLEMS OF WORLD PHILOSOPHY,
DEVELOPMENT OF HUMAN, HIS CONSCIOUSNESS,
AND MORALITY**

Proceedings
of the III International Scientific-Theoretical Conference

February 16-17, 2018

Volume II

Астана/Astana

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
РҒА ФИЛОСОФИЯ ИНСТИТУТЫ
ҚР БҒМ ҒК ФИЛОСОФИЯ, САЯСАТТАНУ ЖӘНЕ ДІНТАНУ ИНСТИТУТЫ
М.В. ЛОМОНОСОВ АТЫНДАҒЫ ММУ ҚАЗАҚСТАН ФИЛИАЛЫ

**ӘЛЕМДІК ФИЛОСОФИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ,
АДАМ, ОНЫҢ САНАСЫ МЕН АДАМГЕРШІЛІГІНІҢ ДАМУЫ**

**III Халықаралық ғылыми-теориялық конференция
материалдары**

2018 жылдың 16 - 17 ақпаны

II том

Астана, 2018

Редакциялық кеңес

Е.Б. Сыдықов, Д. Қамзабекұлы, Ғарифолла Есім,
Г.А. Адаева, С.А. Арыстамбаева, М.М. Бозжігітова,
К.А. Медеуова, Д.Т. Толғамбаева

Әлемдік философияның өзекті мәселелері, адам, оның санасы мен адамгершілігінің
Ә43 дамуы: III Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары (2018
жылдың 16-17 ақпаны, Астана, Қазақстан) 2 томдық. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы
ЕҰУ баспасы, 2018. – 339 б.

ISBN 978-9965-31-977-8

Жинаққа Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақ КСР ғылым және техника саласы бойынша Мемлекеттік сыйлығының, «Достастық жұлдызы» мемлекетаралық сыйлығының, ҚР тұңғыш президентінің Мемлекеттік бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының, Халықаралық «Өмір ағашы» сыйлығының лауреаты, Шоқан Уәлиханов атындағы Мемлекеттік сыйлықтың тұңғыш лауреаты Жабайхан Мүбәрақұлы Әбділдиннің 85 жылдық мерейтойына арналған «Әлемдік философияның өзекті мәселелері, адам, оның санасы мен адамгершілігінің дамуы» атты III халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары енген.

Конференция шеңберінде «Философия тарихы, таным теориясы мен ғылым әдіснамасының өзекті мәселелері», «Қазіргі әлемдегі адам және адамгершілік мәселелері», «Ж.М.Әбділдин және диалектикалық логика мен таным теориясы, адам мен адамгершілік мәселелерінің талдануы» секциялары жұмыс жасады.

Қазіргі философияның өзекті мәселелері мен ҚР ҰҒА академигі Жабайхан Мүбәрақұлы Әбділдиннің шығармашылығына қызығушылық танытқан қауымға арналады.

Жарияланып отырған материалдар автор редакциялауымен берілген.

ӘОЖ1/14
КБЖ87.0

ISBN 978-9965-31-977-8
ISBN 978-9965-31-975-4

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА
ИНСТИТУТ ФИЛОСОФИИ РАН
ИНСТИТУТ ФИЛОСОФИИ, ПОЛИТОЛОГИИ И РЕЛИГИОВЕДЕНИЯ КН МОН РК
КАЗАХСТАНСКИЙ ФИЛИАЛ МГУ ИМЕНИ М.В. ЛОМОНОСОВА

**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ МИРОВОЙ ФИЛОСОФИИ,
РАЗВИТИЕ ЧЕЛОВЕКА, ЕГО СОЗНАНИЯ, НРАВСТВЕННОСТИ**

Материалы III Международной научно-теоретической конференции

16-17 февраля 2018 года

Том II

Астана, 2018

УДК1/14
ББК87.0
А43

Редакционный совет

Е.Б. Сыдыков, Д. Камзабекұлы, Ғарифолла Есім,
Г.А. Адаева, С.А. Арыстамбаева, М.М. Бозжигитова,
К.А. Медеуова, Д.Т. Толгамбаева

А43 Актуальные проблемы мировой философии, развитие человека, его сознания, нравственности: Мат-лы III Междунар. науч.-теорет. конф. (16-17 февраля 2018 г., Астана, Казахстан) в 2-х тт. – Астана: изд-во ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2018. – 339 с.

ISBN 978-9965-31-977-8

В сборнике представлены материалы III Международной научно-теоретической конференции «Актуальные проблемы мировой философии, развитие человека, его сознания, нравственности», посвященной 85-летию академика НАН РК Жабайхана Мубараковича Абдильдина, Лауреата Государственной премии Каз ССР в области науки и техники, Межгосударственной премии «Звезда Содружества», Президентской премии мира и духовного согласия, Российской премии «Древо жизни», Лауреата первой премии имени Ч.Ч. Валиханова.

В рамках конференции работали секции: «История философии, актуальные проблемы теории познания и методологии науки», «Проблема человека и нравственности в современном мире», «Академик Ж.М. Абдильдин и разработка проблем диалектической логики, теории познания, человека и нравственности».

Адресовано всем интересующимся актуальными проблемами современной философии и творчеством академика НАН РК Жабайхана Мубараковича Абдильдина.

Публикуемые материалы представлены в авторской редакции.

УДК1/14
ББК87.0

ISBN 978-9965-31-977-8
ISBN 978-9965-31-975-4

Әдебиет тізімі

1. Нұрадин Г.Б., Сапарғалиева С.Ж. Рухани қажеттілікті қанағаттандыру – қоғамды дамытушы фактор.// Актуальные проблемы развития мировой философии: Мат-лы II междунар. науч.-теорет. конф. (14-16 февраля 2013 г., Астана, Казахстан) в 2-х тт. – Астана: изд-во ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, 2013. Т. II. – 432 с.
2. Б.Әлімжанов. Шығармалары: Алматы, 2008.- 254 б.

ҚАЗАҚ ДАНАЛЫҒЫ – ЖАБАЙХАН ӘБДІЛДИН ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕ

*Адаева Г.А.
Астана қ.
kumaen@mail.ru*

Абай отыз сегізінші сөзінде «Әрбір ғалым – хакім емес, әрбір хакім – ғалым» [1] дейді. Даналық философиялық ұғым болып табылғанымен, мазмұнының тереңдігі мен сан қырлылығы жағынан, оған философияның көптеген функцияларының (ғылым, таным теориясы, логика, методология, идеология, т.б.) бірі ретінде қарауға болмайды. Философия ғылымсыз да өмір сүре алады Ал даналықтан қол үзсе, философия аты ғана қалып, заты (мәні, мазмұны) жоғалады.

Академик Жабайхан Мүбәрақұлының 80 жылдық мерейтойына орай «Еуразия университеті» газетіне мақала жариялау мақсатымен ғалым ағамызбен сұхбат жүргізіп едім. Сонда Жәкең: «Мен саналы өмірімде, негізінен, таным, логика мәселесімен айналысқан адаммын. Соңғы кезде адам мәселесі, кісілік, сұлулық тақырыптары толғандырып жүр. Деніме саулық берілсе, осы мәселелерді тереңірек қарастырғым келеді» деген еді. Осы сұхбаттың өзінен Жабайхан ағаның қазақ даналығын жақсы білетіні байқалды. «Кісілік демекші, қазақ «Кісіні кейде таршылық сынаиды, кейде баршылық сынаиды» дейді. Осыған қатысты не айтар едіңіз?» деген сұраққа ғалым ағамыз «Өте жақсы айтылған. Жаман адам басына қиындық түссе, салы суға кетіп, сүмірейіп, жер болып қалады. Өмір болған соң қайшылықсыз болмайды ғой. Ол қайшылықтар шешу үшін беріледі... Ал «баршылық сынаиды» деген, кейбір, бұрын жалпылдап, шалғайыңа оралып жүрген адам, қолы билікке жетсе, әзер амандасып, шалқайып қалатыны бар. Бұндайда тағы да қазақ «Жаман атқа жал бітсе – жанына торсық байлатпас, жаман адамға мал бітсе – жанына қоңсы қондырмас» деп тауып айтқан» деп жауап қатқан еді. Тағы бірде бір отырыста «Қазақ дәстүрлі дүниетанымында жаман адам түсінігі бар ма?» деген сұрақ туындады. Аяз би туралы аңызды мысалға келтіріп, жаман адам түсінігі жоқ деген пікір айтылды. Сонда, Жабайхан аға «Қазақта жаман адам түсінігі бар. Болмаса қазақ «Жаман малды асырасаң – аузы-мұрныңды май етер, жаман адамды асырасаң – аузы-мұрныңды қан етер» демес еді ғой» деп тұжырдды. Орыс тілінде оқып, сол тілде жазатын адамның қазақ мақал-мәтелдерін жақсы білетіні және осы білімін өз пікірін негіздеуде ретімен қолдана білетіні таңдандырады. «Пословицы и поговорки являются классическими, отшлифованными временем выражениями обыденного сознания, в которых пульсирует мудрость народа...» [2].

Жоғарыда айтылған сұхбаттан Жабайхан Мүбәрақұлының өмірдің мәні, адам туралы қазақша ойлайтыны байқалды. Осы әңгімеде Жәкең әйел туралы мынадай ой толғады. «Әйел, ең алдымен, Ана. Адамдағы барлық асыл қасиеттер – анадан. Бұхар жырау айтқан ғой:

Жал-күйрығы қаба деп,
Жабыдан айғыр салмаңыз.
Қалың малы арзан деп,
Жаман қатын алмаңыз.
Жабыдан айғыр салсаңыз,
Жауға мінер ат тумас,
Жаман қатын алсаңыз,

Топқа кірер ұл тумас.

Яғни, адамның адамдығы – анадан, ана сүтінен, ана мейірінен, ана тәрбиесінен... Әйел, екіншіден, қыз бала. Қазақ халқының қыз балаға үлкен құрметпен қарайтыны мәлім. Әсіресе, әке мен қыз бала қарым-қатынасы ерекше. Қазақ отбасында әке қыз баласына ешқашан қатты сөйлемеген. Ескертулерінің өзін анасы арқылы айтқан. Өзім де үш қыздың әкесімін ғой. Қыз бала нәзік, тәтті. Оларды осындай қылатын да әке махаббаты... Әйел, тағы да, ер адамның жары. Әйел-жардың ер адамның өміріндегі орны туралы қазақ жақсы айтқан: «Алғаның жаман жолықса – қайтесің дүние шіркінді-ай».

Осы сұхбаттан соң «Еуразия университеті» газетіне мақаламды «Хакім болып өмір кешіру...» деген атпен бердім. Және сұхбатты мынадай сөзбен аяқтадым: «Ұлы адамды ұлы ақындардың сөзімен сөйлетсек, Төлеген мен Мұқағали ағаларымыздың рухы риза болмаса, ренжімес деп ойлаймыз.

Хакім боп өмір кешіру оңай деймісің, қарағым,
Бұл өзі ылғи айырып отыру ақ пенен қара арасын;
Ұлыларын ұлықтап отыру,
Батыс, Шығыс деп алаламай адам баласын.
Ұлы көштің алдында оқ бойы озық отыру,
Қалам-атыңды қансорпа қылып терлетіп,
Ой-сезіміңмен дүние-теңізді тербетіп,
Қайшылықтардың шешімін тауып сирету,
Жұртқа дұрыс өмір сүруді үйрету.
Айналып келіп, қазақтай дархан халқыңды,
Баладай аңқау халқыңды
Тарихтың сара жолына қарай сүйрету.
Солай да солай , қарағым...
Томдарды санап, тамсанып,
Жылдарды санап, жар салып,
Таңырқай берме, қарағым;
Қаламға қолым қарысып,
Замана желмен жарысып,
Сексеннен асып барамын » [3].

Содан бері өткен бес жыл ішінде бұрын Батыстың философтарын үңіле зерттеп, зерделеген Жабайхан Мүбәрақұлының қазақ ғалымдары мен хакімдерін талдауға арналған екі сүбелі еңбегі жарық көрді: «Чокан Валиханов – великий ученый и мыслитель» және «Абай – гениальный мыслитель и гуманист». Бұл еңбектері ағылшын, түрік тілдерінде де жарық көрді.

Абай туралы кітабының бір бөлімін «Абай о вере, о любви, о прекрасном» деп атаған екен. Абай поэзиясындағы сұлулықтың жырлануын, атақты «Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ» деген өлеңін негізге ала отырып, былай талдаған екен: «В образе прекрасного боевого коня художник рисует своеобразное сочетание признаков гармонического целого... Возможно все эти признаки не всегда присутствует в конкретном животном, однако это обстоятельство не говорит о том, что изображение коня поэтом выдуманно, поскольку художник создал истинный образ, понятие идеального коня, который по существу является всеобщим, истинным»[4]. Жәкеңнің өзі жоғарыда берген сұхбатында жас кезінде Абайдың өлеңдерін жатқа айтқанын, өзінің де өлең жазғанын есіне алған болатын. Енді диалектикалық логика тұрғысынан Абайдың өлеңдерін осылай талдайды.

Жабайхан аға өзінің бір естелігінде атасы Әбділданың кіре тартып жүріп, атақты ақын, әнші Мәди Бапиұлымен кездескенін айтады. Бораннан шаршап тоңған көп жолаушы айдалада бір кішкентай үйге кез болады. Бірақ үй иесі үйде көп қонақ бар екенін айтып, кіргізкісі келмейді. Оны естіген төрде жатқан үлкен кісі : «Мына боранда қайда жібересің

оларды, жиырма адам жатқан жерге тағы жиырма адам сыймай ма?! ...» деп үй иесінің бетін қайтарып тастайды. ...Атасы «... Мәдидің кісілігіне риза болып», азығынан бөліп тастап кетіпті [5]. Яғни бұл кісілік. Кісілік туралы Жабайхан ағаның түсінігі. Даналық – кісілікті тану құралы. Атасы азығын Мәдидің жақсылығының өтемі ретінде тастап кетті десе, бұл даналық емес. Мәдидікі – кісілік. Оны кісілік деп тану үшін даналық керек.

Әдебиет тізімі

1. Абай. Қара сөздер. – Алматы: Ел, 1991.
2. Ойзерман Т.И. Философия и обыденное сознание // Вопросы философии, 1967. – № 4.
3. Адаева Г. Хакім болып өмір кешіру...// «Еуразия университеті», № 2-3 (135-136), қаңтар-ақпан, 2013 .
4. Абдильдин Ж., Абдильдина Р. Абай – гениальный мыслитель и гуманист. – Астана: Фолиант, 2015. – 232 с.
5. Өмір – өзен. Академик Жабайхан Әбділдинмен сыр-сұхбат. /Сұхбат жүргізген Сүлейменов Ж. – Астана: Мастер ПО, 2014.– 165 б.

ТРУД КАК НРАВСТВЕННАЯ ЦЕННОСТЬ

Аубакиров Е. Н.

г. Астана

Prepod-2014@mail.ru

В период модернизации всех сторон общественной жизни, достижения поставленных целей индустриально-инновационного развития нашей стороны особый интерес вызывают духовно-нравственные факторы, способствующие эффективному достижению поставленных целей. Как и при каких обстоятельствах человек способен успешно трудиться? Этот вопрос с особой актуальностью звучит сейчас, когда перед нами поставлена цель построения Общества Всеобщего Труда [1].

Труд – первое и необходимое условие человеческой жизни, фундаментальная и основная форма человеческой деятельности. Человек, в отличие от животного, не приспособливается к природе, а подчиняет ее себе, активно вмешивается в ход ее процессов и в этом смысле «очеловечивает» природу. Способность к труду и составляет наиболее существенное отличие человека от животного, поэтому труд является онтологической характеристикой бытия человека. В труде и посредством труда удовлетворяются все потребности человека. Но роль труда не сводится только к этому, труд становится основным способом самоутверждения человека в мире. В труде совершенствуются физические и духовные качества человека, формируются собственно человеческие культурные потребности. В процессе труда создаются не только продукты потребления, но и сам деятель, субъект труда — человек. В труде человек формируется как личность, развивает свои способности, реализуя их в трудовой деятельности. Испокон веков непреходящими нравственными ценностями являются трудолюбие и уважительное отношение к человеку труда. Человек труда – это не только создатель материальных ценностей, но и хранитель общечеловеческих нравственных ценностей, творец прогрессивных трудовых традиций. Таким образом, труд является источником нравственного развития общества, основой накопления здоровых, положительных моральных качеств людей: честности, доброты, добросовестности, трудолюбия. Поэтому в данном аспекте труд – это и аксиологическая категория.

В современном обществе возрастает значимость нравственной ценности «труд». Развивающемуся обществу нужны образованные, нравственные, предприимчивые люди, которые могут самостоятельно принимать ответственные решения в ситуации выбора, прогнозируя их возможные последствия, способные к сотрудничеству, отличающиеся мобильностью, конструктивностью. В разные эпохи и в различных культурах мы можем